

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін пилоттық екі кезеңді конкурс өткізудің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 02-01-02/75 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6243 болып енгізілді

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін конкурстық іріктеуді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 14-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін пилоттық екі кезеңді конкурс өткізудің ережесі бекітілсін.

2. Пилоттық екі кезеңді конкурс 2010 жылдың 1 қыркүйегінен 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында өткізілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011.02.23 № 02-01-02/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Хайдаров А.Ш.) заңнамада бекітілген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және кейіннен оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылдың 1 қыркүйегінен 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қолданыста болады және ресми жариялануға тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011.02.23 № 02-01-02/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Төраға

Қ. Нұрпейісов

Келісілді

Ақмола облысының әкімі

С.А. Дьяченко

Келісілді

Оңтүстік Қазақстан

облысының әкімі

А.И. Мырзахметов

Қазақстан
Мемлекеттік
істері
2010

Республикасының
қызмет
агенттігі
29

Төрағасының

сәуірдегі

№ 0 2 - 0 1 - 0 2 / 7 5

бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін пилоттық екі кезеңді конкурс өткізудің Ережесі

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «1 наурызына» деген сөздер «1 қыркүйегіне» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011.02.23 № 02-01-02/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Осы Ереже Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 2010 жылдың 1 қыркүйегінен 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін кезеңінде жергілікті мемлекеттік органдардағы (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға пилоттық екі кезеңді конкурс өткізудің (бұдан әрі - конкурс) шарттары мен тәртібін айқындайды және «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу ресімдерін жетілдіру мақсатында әзірленді. Пилоттық жоба конкурстың бірінші кезеңін (тестілеу) мемлекеттік қызметке кіргісі келетін барлық азаматтар үшін бірыңғай тестілеу нысанындағы бір реттік акция түрінде өткізуді көздейді. Екінші кезеңде мемлекеттік органдар бірінші кезеңнен сәтті өткен азаматтардың ішінен іріктеуді жүзеге асырады.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011.02.23 № 02-01-02/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Пилоттық жоба Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 2010 жылдың 1 қыркүйегінен 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін келесідей: О-1, D-2, D-3, D-4, D-5, D-O-1, D-O-2, D-O-3, D-O-4, D-O-5, D-O-6, E-1, E-2, E-3, E-4, E-5, E-R-1, E-R-2, E-R-3, E-R-4, E-R-5, E-G-1, E-G-2, E-G-3 және E-G-4 санаттарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеу өткізуді көздейді.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізімінде № 986 тіркелген), Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарының мемлекеттік органдарындағы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға пилоттық жобаны өткізу кезеңінде қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Пилоттық жоба өткізілген кезде Заңның және өзге де мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың талаптары сақталуы тиіс.

4. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) мен оның аумақтық бөлімшелерінің жолдауы бойынша олардың қызметкерлері үміткерлермен әңгімелесуге және конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісіне қатыса алады.

5. Конкурс комиссиясының шешімі мемлекеттік әкімшілік қызметтің бос лауазымына орналасудың немесе мұндай лауазымға орналастырудан бас тартуға негіздеме болады.

6. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, жарияланған конкурс оның өткізудің кез келген кезеңінде ол туралы міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып тоқтатылуға тиіс.

7. Азаматтар пилоттық жобаға қатысу шығындарын (тестілеу немесе әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау және тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

2. Пилоттық жобаны өткізудің шарттары мен тәртібі

8. Пилоттық жобаға Қазақстан Республикасының:

- 1) жасы он сегізден төмен емес;
- 2) біліктілік талаптарына сай азаматтары қатысады.

9. Пилоттық жобаға қатысуға:

- 1) осы Ереженің 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес емес;
- 2) заңды күшіне енген сот шешімімен жұмыс істеу қабілеті төмен немесе жұмыс істеу қабілеті шектелген болып танылғандар;
- 3) заңдылық күші бар сот шешімімен белгілі бір анықталған мерзімге дейін мемлекеттік қызметті атқару құқығынан айырылғандар;
- 4) біліктілік талаптарында тиісті қызметтерді атқару үшін денсаулық жағдайына арнаулы талаптар белгіленген реттерде медициналық мекеменің қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттікті орындауға кедергі келтіретін науқасы бар;
- 5) мемлекеттік қызметке кірер алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
- 6) мемлекеттік қызметке кіргенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
- 7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 8) жұмыстан босату түріндегі тәртіптік жазаны қоспағанда, мемлекеттік қызметке кірер алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған;

10) мемлекеттік қызметке кіру уақытына өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар азаматтар жіберілмейді.

10. Пилоттық жоба екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең - мемлекеттік органдарда мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу үшін оларды іріктеу;

2) екінші кезең - бірінші кезеңнен сәтті өткен үміткерлерді бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдары бар мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының іріктеуі

3. Бірінші кезең - мемлекеттік органдарда мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу үшін оларды іріктеу

11. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі пилоттық жобаның бірінші кезеңін өткізу туралы хабарландыруды тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялайды.

12. Пилоттық жобаның бірінші кезеңін өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) мекен-жайы көрсетілген уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауы, пошта адресі, телефондары мен факс нөмірлері;

2) қолданыстағы заңдарға сәйкес еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарының тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасы бірінші орынбасарының 2008 жылғы 9 қаңтардағы № 02-01-02/5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізімінде № 5084 тіркелген), мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарына (бұдан әрі - Үлгілік біліктілік талаптары) сәйкес пилоттық жобаға қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) құжаттарды қабылдаудың мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн);

5) тестілеу өткізудің мерзімі мен орны.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қосымша ақпараттармен мазмұндала алады.

13. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурстар туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

§ 1. Пилоттық жобаның бірінші кезеңіне қатысу үшін құжаттарды қабылдау

14. Бірінші кезеңге қатысқысы келетін азаматтар уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарын тапсырады:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) білімі туралы құжаттардың нотариалдық немесе жұмыс орнының кадр қызметімен куәландырылған көшірмелері;

3) еңбек кітапшасының нотариалдық немесе жұмыс орнының кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

15. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қарауына құжаттарды қабылдау мерзімінде азаматтардың өздері әкеліп берген немесе поштамен жіберген (қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілген құжат тігілетін папкада орналастырылған) құжаттары қабылданады.

Құжаттарды өздері әкеліп берген кезде өтініш берушіге уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің жауапты қызметкерімен құжаттардың атауы және қабылданған мерзімі көрсетілген қолхат беріледі. Қолхат уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мөртабанымен бекітіледі.

§ 2. Пилоттық жобаның бірінші кезеңіне қатысушылардың құжаттарын қарау

16. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бірінші кезеңге қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

17. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ұсынылған құжаттардың Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкестігін талдайды.

18. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ұсынылған құжаттарды талдау негізінде олардың тиісті мемлекеттік әкімшілік лауазымы санатына қойылған Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкестігі мен үміткерлерді тестілеуге жіберу туралы шешім қабылдайды, ол бұйрық түрінде ресімделеді.

19. Тестілеуге жіберу туралы шешім уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің бұйрығымен бекітілген үміткерлерді тестілеу тізімі түрінде ресімделеді.

20. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тестілеу өткізудің кестесін жасайды және үміткерлерге тестілеу өткізудің уақыты мен орны туралы хабарландырады.

§ 3. Үміткерлерді тестілеу

21. Тестілеудің мақсаты үміткерлердің білімдері мен қабілеттерін әділ бағалау болып табылады.

22. Тестілеу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5113 болып тіркелген) Тестілеуді өткізу ережесіне, Тестілеу программаларына және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәніне сәйкес өткізіледі.

23. Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер оны құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейінгі он жұмыс күнінің ішінде өтеді.

24. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың санаттарына байланысты тестілеудің бағдарламалары белгіленеді. Құжаттарын мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың екі немесе одан да көп санаттарына орналасуға берген және олар бойынша тестілеуге жіберілген үміткерлер тиісті бағдарламалар бойынша тестіленеді.

25. Үміткердің белгілі бір күрделілік бағдарламасы бойынша (нормативтік құқықтық актілердің саны мен шекаралық мәнінің деңгейі бойынша) тестілеудің оң нәтижелері соңғы тестілеу бағдарламалары бірдей немесе күрделілік деңгейі төмен болған жағдайда басқа санатты бос лауазымдарға орналасу конкурсына қатысуға ж а р а м д ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

26. Үміткердің лауазымның белгілі бір санаты үшін белгіленген тестілеу бойынша тестілеуінің нәтижесі, егер тестілеудің бағдарламасы өзгертілмеген жағдайда, тестілеуден өткен сәтінен бастап 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін күшінде болады.

Егер де осы Ереженің 22-тармағында белгіленген тестілеу бағдарламалары пилоттық жобаның тестілеу бағдарламасынан ерекшеленбесе, пилоттық жобаны өткізуге дейін тестілеуді тапсырған азаматтар, бірінші кезеңді өтпей-ақ пилоттық жобаның екінші кезеңіне жіберіледі.

27. Үміткердің алдыңғы тестілеу өткен күнінен үш айдан кем емес мерзімнен кейін бір бағдарлама бойынша қайтадан, бірақ осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мерзім шегінде тестілеуден өтеді.

28. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері үміткерлерге тестілеудің нәтижелерін б е р е д і .

29. Пилоттық жобаның екінші кезеңіне тестілеуден оң нәтиже алған үміткерлер жіберіледі.

4. Екінші кезең - бірінші кезеңнен сәтті өткен үміткерлерді бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдары бар мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының іріктеуі

30. Пилоттық жобаның екінші кезеңін бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдары бар мемлекеттік орган өткізеді.

31. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган мемлекеттік әкімшілік қызметтің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға уәкілетті конкурс комиссиясын құрады.

32. Конкурс комиссиясы үміткерлер берген құжаттарды, оларды тестілеудің нәтижелерін қарайтын, үміткерлермен әңгімелесу өткізетін және бос мемлекеттік әкімшілік қызметтің лауазымдарына орналасуға үміткерлерді түпкілікті іріктеуді іске асыратын алқалы орган болып табылады.

33. Пилоттық жобаның екінші кезеңі мынадай сатылармен өткізіледі:

- 1) пилоттық жобаның екінші кезеңін өткізу туралы хабарландыруларды мемлекеттік органның жариялауы;
- 2) конкурс комиссиясын құру;
- 3) пилоттық жобаның екінші кезеңіне қатысуға тілек білдірген азаматтардың құжаттарын қабылдау;
- 4) пилоттық жоба қатысушылардың құжаттарының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын-ала қарау;
- 5) үміткерлермен конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 6) конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісі.

§ 1. Конкурс туралы хабарландыру

34. Хабарландырулар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

35. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс туралы хабарландырулар жариялағаннан кейін Заңның 12-бабы 2, 3-тармақтары мен 14-бабының 10-тармағы бойынша конкурстық рәсімдері аяқталғанша, азаматтарды жарияланған лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

36. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) мекен-жайы көрсетілген мемлекеттік органның атауы, пошта адресі, телефондары мен факс нөмірлері;
- 2) негізгі функциональдық міндеттері, қолданыстағы заңдарға сәйкес еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар атауы;
- 3) мемлекеттік орган анықтаған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;
- 4) құжаттарды қабылдаудың мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн);
- 5) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қосымша ақпараттармен мазмұндала алады.

37. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурстар туралы мәліметтер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

§ 2. Конкурс комиссиясын құру

38. Конкурс комиссиясын тиісті мемлекеттік органның басшысы құрады.

39. Конкурс комиссиясы төрағадан, хатшыдан (кадр қызметінің өкілі) және комиссия мүшелерінен тұрады.

40. Тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін конкурс комиссиясының құрамына мемлекеттік органның әр түрлі бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ мемлекеттік орган басшысының шешімімен өзге де адамдар енгізіледі.

41. Конкурслық комиссияның құрамына тиісті бос лауазымға орналасу конкурсына қ а т ы с у ш ы к і р е а л м а й д ы .

42. Конкурс комиссиясы әр жарияланған бос мемлекеттік әкімшілік лауазым үшін сол лауазымға талаптанған үміткерлерге міндетті тәртіпте және бірдей көлемде қойылатын сұрақтардың тізбесін бекітеді.

§ 3. Құжаттарды қабылдау

43. Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р ы н т а п с ы р а д ы :

- 1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) кадр есебі бойынша толтырылған іс парағы;
- 3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған анкета;
- 4) білімі туралы құжаттардың нотариалдық немесе соңғы жұмыс орнының кадр қызметімен қуәландырылған көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының нотариалдық немесе соңғы жұмыс орнының кадр қызметімен қуәландырылған көшірмесі;
- 6) денсаулығы туралы анықтама;
- 7) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет;
- 8) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 9) тестілеудің оң нәтижелері.

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Ескертпе: осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында аталған, мемлекеттік қызметшілер тапсыратын құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың кадр қызметі қуәландыра алады.

44. Азаматтар біліміне еңбек тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және мінездемелері туралы (біліктілігін көтеру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, кепілдемелер, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қосымша ақпараттарды бере алады.

45. Конкурс комиссиясының қарауына құжаттарды қабылдау мерзімінде азаматтардың өздері әкеліп берген немесе поштамен жіберген (қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілген құжат тігілетін папкада орналастырылған) құжаттары қ а б ы л д а н а д ы .

46. Конкурслық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, конкурслық іріктеуден өтпеген тұлғалардың кадр есебі жөніндегі жеке іс

парақтары мен өтініштері және конкурстық комиссияның материалдары конкурстық комиссияның хатшысында (кадр қызметінде) сақталады.

§ 4. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау

47. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

48. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін талдайды.

49. Конкурсстық комиссия ұсынылған құжаттарды талдау негізінде олардың тиісті мемлекеттік әкімшілік лауазымға қойылған біліктілік талаптарына олардың сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды, ол хаттама түрінде ресімделіп және оған комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Әңгімелесуге жіберілмеген конкурсқа қатысушыларды шешім қабылданғаннан кейін бұл туралы конкурс комиссиясы хабарландырады.

§ 5. Үміткерлермен әңгімелесу

50. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

51. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, он жұмыс күнінің ішінде өтеді.

52. Үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде конкурс комиссиясы біліктілік талаптарына және тиісті мемлекеттік әкімшілік лауазымның лауазымдық нұсқаларына сүйенеді.

53. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы жеке түрдегі хаттамамен ресімделеді немесе техникалық жазба құралдары көмегімен белгіленеді.

Үміткермен әңгімелесу хаттамасына конкурс комиссиясының төрағасы, мүшелері, үміткер, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асырушы хатшы қолдарын қояды.

Конкурс комиссиясының техникалық жазба құралдарын қолданылғаны туралы конкурс комиссиясының қорытынды отырыс хаттамасында белгі жасалады. Жазба тасығыштар конкурс комиссиясының хатшысында сақталады.

Әңгімелесу кезінде үміткер де техникалық жазба құралдарын қолдана алады. Техникалық жазба құралдарын қолдану конкурс комиссиясы отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

54. Әңгімелесуден өткен үміткерлердің құжаттарын конкурс комиссиясы өзінің қорытынды мәжілісінде қарайды.

§ 6. Конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісі

55. Конкурс комиссиясы әңгімелесу өткізгеннен кейін екі жұмыс күннен кешіктірілмей өткізілуі тиіс қорытынды мәжілісінде үміткерлерді берген құжаттары, тестілеу мен өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос әкімшілік лауазымға орналастыру үшін іріктеуді іске асырады.

56. Конкурс комиссиясының шешімі үміткер қатыстырылмай, ашық дауыс беру ж о л ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

57. Конкурс комиссиясының шешімі егер мәжіліске оның құрамының 2/3 кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

58. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда үміткер дұрыс баға алады. Дауыстар бірдей болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

59. Конкурс комиссиясы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне әңгімелесуден өткен үміткерлерді кадр резервіне алуға ұсыныс жасайды.

60. Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жасауды іске асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

61. Конкурс комиссиясы мәжілісі хаттамасының көшірмесі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

62. Егер конкурс нәтижесінде конкурс комиссиясы берілген бос лауазымдарға үміткерлерді анықтамаса, қайтадан конкурс жариялауы мүмкін.

63. Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен үміткерлерге конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

64. Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң шешімін алған үміткерлердің тізімі конкурс өткізілгеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетіндей жерлерге ілінеді.

5. Үміткердің қызметке орналасуы

65. Мемлекеттік органның басшысы конкурс комиссиясының оң қорытындысына ие болған үміткерді жарияланған қызметке қабылдайды. Бұл ретте әкімшілік мемлекеттік қызметке кіру үшін заңдарда қарастырылған талаптар сақталуға тиіс.

66. Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде көрінеу жалған мәліметтері анықталған конкурс комиссиясынан оң қорытынды алған азаматты ұсыну тиісті бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылдаудан бас тартуға негіздеме болады.

6. Қорытынды ережелер

67. Конкурса қатысушылар уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, болмаса сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағым бере алады.

68. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі конкурс комиссиясының шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және Заңның, осы Ереженің, мемлекеттік қызмет туралы өзге де заңнамалардың бұзылғаны анықталған жағдайда, конкурс комиссиясына қабылданған шешімді жоюды ұсынады.

69. Уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің ұсынысын конкурс комиссиясы бұрынғы құрамымен өткізілген өз мәжілісінде қарайды.

Осы мәжілісте конкурс комиссиясы бұрын қабылданған шешімін жояды және жаңасын енгізеді, не болмаса оны еш өзгеріссіз қалдырады.

Конкурс комиссиясы қабылданған шешім туралы, ол қабылданғаннан кейін он күн мерзім ішінде, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне және шағым берген конкурса қатысушыға хабарлайды.

70. Конкурс комиссиясының бұрынғы қабылдаған шешімін жоюы және жаңасын енгізуі мемлекеттік орган басшысының тиісті шешімін өзгертуі немесе қабылдауы үшін негіздеме болады.

71. Егер конкурс комиссиясы бұрынғы қабылданған шешімді өзгеріссіз қалдырған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі немесе шағым берген конкурса қатысушы осы шешімді сот тәртібінде шағым бере алады.

72. Пилоттық жобаға қатысушылар өздеріне қатысты бөлігіне, сондай-ақ уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі конкурс құжаттарымен таныса алады.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға
орналасу үшін пилоттық екі кезеңді
конкурсты өткізудің ережесіне
1-қосымша
үлгі

(мемлекеттік қызмет істері уәкілетті
органның аумақтық бөлімшесі)

Өтініш

_____ санатындағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу үшін конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін рұқсат етуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін пилоттық екі кезеңді

конкурсты өткізудің ережесінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың растығына жауап беремін.

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

«__» _____ 201_ж.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға
орналасу үшін пилоттық екі кезеңді
конкурсты өткізудің ережесіне
2-қосымша
үлгі

(мемлекеттік орган)

Өтініш

_____ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға
орналасу конкурсына қатысу үшін рұқсат етуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін пилоттық екі кезеңді конкурсты өткізудің ережесінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың растығына жауап беремін.

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

«__» _____ 201_ж.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға
орналасу үшін пилоттық екі кезеңді
конкурсты өткізудің ережесіне
3-қосымша
үлгі

САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

1. Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

2. Азаматтығы _____

Егер өзгертілсе, уақытын көрсетіңіз _____

3. Бұрын сотталған ба едіңіз, қашан және не үшін _____

4. Шет елде оқыған немесе жұмыс істеген кезіңіз _____

Болған еліңіз _____

Болған уақытыңыз _____

Жұмыс істеген немесе оқыған жеріңіз _____

5. Соттың шешімімен жұмыс істеу қабілетіңіз төмен немесе шектелген деп танылдығыз ба, қашан және не үшін _____

6. Белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметті атқару құқынан айырылдығыз ба, қашан және не үшін _____

7. Сіз мемлекеттік қызметшінің жақын туысы (ата-анасы, ұлы, қызы, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немересі, жұбайы немесе зайыбы) болып табыласыз ба:

1) осы мемлекеттік қызметші Сіз үміттенген лауазымға тікелей бағынысты лауазымды атқаруда _____;

2) Сіз үміттенген лауазымыңыз осы мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына тікелей бағынысты _____

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

«__» _____ 201__ ж.